

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

АКАДЕМИК Е. А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

«КЕЛІСІЛДІ»

Heriot-Watt University
Эдинбург бизнес мектебінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ініциативалық бағдарламаларының директоры
Dr Assylbek Nurgabdeshov
Edinburgh Business School
Heriot-Watt University A.P.
Edinburgh, UK

«БЕКІТІМІН»

Басқарма төрағасы - Ректор

Дулатбеков Н.О.

«21» 05 2023 ж.



«КЕЛІСІЛДІ»

«QazTehna» ЖШС директоры
Майконов А.С.
«5» 03 2023 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

«Атамекен» Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасының директоры
Кульпеисов Е.Д.
«13» 03 2023 ж.



7M041 Бизнес және басқару бағыты бойынша
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«7M04102 Әлемдік экономика» (бірлескен)

Деңгей: Магистратура

«7M04102 - Әлемдік экономика» дайындау бағыты бойынша білім беру бағдарламасы негізінде:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (2023 жылдың 3 наурыздағы өзгерістер және толықтыруларымен).
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді.
- Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы.
- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 27 мамырда № 6976 тіркелді (2023 жылдың 5 сәуірдегі өзгерістер және толықтыруларымен).
- Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы (ҚР Білім және ғылым министрінің 05.06.2020 № 234 бұйрығымен жаңа редакцияда)

«7M04102 - Әлемдік экономика» білім беру бағдарламасы

Мазмұны:

№	Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	4
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі	4
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	4
4	Кредиттер көлемі	4
5	Оқу түрі	4
6	Оқу тілі	4
7	Берілетін академиялық дәреже	4
8	Білім беру бағдарламасының түрі	4
9	БЖХС бойынша деңгей	4
10	ҰБШ бойынша деңгей	4
11	СБШ бойынша деңгей	4
12	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	4
	ЖОО партнер (серіктес)	
	ЖОО партнер (серіктес)	
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	4
14	Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі	4
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	4
16	Білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы	4
а)	Біліктілік пен лауазымдар тізбесі	4
б)	Кәсіби қызмет саласы мен объектілері	4
в)	Кәсіби қызмет түрлері	5
г)	Кәсіби қызметінің функциялары	5
17	Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау	7
18	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау	9
19	Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы	11
20	Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)	16
21	Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері	17
22	Түлек атрибуттары	21
23	Түлек моделі	21

Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

1. Білім беру бағдарламасының коды және атауы: «7M04102 - Әлемдік экономика»
2. Білім беру саласының коды және жіктелуі: білім саласы- 04 Бизнес, басқару және құқық; дайындық бағыты 7M041 – Бизнес және басқару
3. Білім беру бағдарламаларының тобы: M070 Экономика
4. Кредиттер көлемі: 120
5. Оқу түрі: күндізгі
6. Оқу тілі: ағылшын
7. Берілетін академиялық дәреже: «7M04102 - Әлемдік экономика» білім беру бағдарламасы бойынша ғылымдарының магистрі
8. Білім беру бағдарламасының түрі: қолданыстағы
9. БЖХС бойынша деңгей: 7
10. ҰБШ бойынша деңгей: 7
11. СБШ бойынша деңгей: 7
12. Білім беру бағдарламасының ерекшелігі: Бірлескен ББ. Серіктес университет: Heriot-Watt University Эдинбург бизнес мектебі
13. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі: №KZ83LAA00018495 берілген күні 28.07.2020 жыл, Қосымша 016
14. Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі:
15. Білім беру бағдарламасының мақсаты: еңбек нарығында сұранысқа ие, жасыл стандарттар мен технологияларды экономикалық негіздеуге және тиімді енгізуге қабілетті, меншіктің барлық нысанындағы ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметіне тұрақты дамудың экологиялық тетіктері мен қағидаттарын енгізуге қабілетті, өндірістік жүйелердің экологиялық реновациясын, ресурстарды циркулярлық тұтыну мен экожобаларды ұйымдастыруға, қоңыр экономикадан биоэкономикаға көшуді жүзеге асыруға қабілетті және экономиканың түрлі салаларында талдамалық және ақпараттық технологияларды басқару дағдыларына ие мамандар даярлау.
16. Білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы:
 - а) Түлек лауазымдарының тізбесі: әлемдік экономикадағы үдерістер; қазақстандық экономиканың әлемдік экономикамен өзара байланысы; кәсіпорындардың сыртқы экономикалық операцияларын, түрлі мекемелер мен ұйымдардың Халықаралық экономикалық байланыстарын ұйымдастыру және басқару.
 - б) түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері:

"7M04107002 - Әлемдік экономика" білім беру бағдарламасы бойынша түлектердің кәсіби қызмет саласы мыналар болып табылады: әлемдік экономикадағы ПОНцестер; қазақстандық экономиканың әлемдік экономикамен өзара байланысы; кәсіпорындардың сыртқы экономикалық операцияларын ұйымдастыру және басқару, әртүрлі мекемелер мен ұйымдардың Халықаралық экономикалық байланыстары.

"7M04107002 - Әлемдік экономика" білім беру бағдарламасы бойынша магистрлердің кәсіби қызметінің объектілері: сыртқы экономикалық операцияларды жүзеге асыратын халықаралық фирмалар мен ұйымдар, отандық компаниялар, көлік ұлттық компаниялар,

бірлескен кәсіпорындар, коммерциялық банктер, инвестициялық банктер мен қорлар, Ұлттық банк, шетелдік және отандық фирмалардың өкілдіктері, мемлекеттік реттеу органдары болып табылады мемлекетаралық мекемелер мен ұйымдар, ғылыми-зерттеу ұйымдары, орта және орта кәсіптік оқу орындары.

в) Кәсіби қызмет түрлері:

- Ұйымдастырушылық-технологиялық қызмет. Осы саладағы магистр белгілі бір ұйымда басқару технологиясын әзірлеуде, енгізуде және қолдануда, оның ішінде жан-жақты талдау мен басқару технологиясының дұрыс сақталуын бақылауда білікті жұмыс істеу дағдыларына ие, ғылыми, әдістемелік және ұйымдастырушылық құрылымды құруға қатысады және технологиялық базаны басқару, басқа мамандармен бірлесіп әзірлейді және жоспарлаудың, инвестициялаудың, инновациялық және экологиялық менеджменттің, ұйымдар мен кәсіпорындардың шаруашылық қызметін жүргізудің ең тиімді әдістерін, ережелері мен пОНцестерін қолданады; қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны ескере отырып, типтік әдістер негізінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметі бойынша экономикалық есептерді жүргізу үшін ақпаратты жүйелейді және жинақтайды; алынған нәтижелерді талдайды, бағалайды, түсіндіреді және қорытындыларды негіздейді; өндірісті ұйымдастыруға, өндірістік пОНцесті ресурстық қамтамасыз етуге, маркетингті басқаруды ұйымдастыруға, материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау шараларын әзірлеуге белсенді қатысады.

- Өндірістік және басқару қызметі. Осы бағыттағы магистрант Қазақстан Республикасының заңнамасын әзірлеуде, халықаралық экономикалық қатынастарды, халықаралық сауданы және әлемдік нарықтардың динамикалық өзгеретін жағдайларын, инвестициялардың, технологиялардың және жұмыс күшінің халықаралық қозғалысын реттеуде білікті жұмыс істеу дағдыларына ие сауда, қаржылық көлік, кеден, төлем және басқа да коммерциялық құжаттар, дүниежүзілік экономиканың дамуы және олардың жалпы Қазақстанның халық шаруашылығына, оның жекелеген салаларына, кәсіпорындарына әсері, кәсіпорындар мен ұйымдардағы кәсіби қызмет әдістері сыртқы экономикалық операциялар, мемлекеттік органдар мен шетелдік серіктестермен ынтымақтасатын мекемелер, шаруашылық жүргізуші субъектілердің әлемдік экономикаға қатысуына байланысты практикалық мәселелерді шешу жолдары Магистрдің шет тілін кәсіби меңгеруі қажет.

- Жобалық қызмет Осы бағыттағы магистрант әлемдік экономика және халықаралық экономикалық қатынастар саласында білікті жұмыс істеу, шет тілін жоғары деңгейде меңгеру және оны кәсіби қызметте, мәліметтерді талдау саласында белсенді қолдану дағдыларына ие, есептеулер жүргізу және қорытындылар жасау, практикалық есептерді шешуге қажетті жаңа ақпаратты іздей білу.

- Ғылыми-зерттеу қызметі. Магистрлердің осы дайындау саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі жоғары оқу орындарының ғылыми бағдарламалары шеңберінде де, ғылыми-зерттеу институттарының, кәсіпорындар мен ұйымдардың тиісті ғылыми топтарының құрамында да жүзеге асырылады. Экономика, ұйымдастыру және басқару саласындағы ғылыми ынтымақтастықтың халықаралық бағдарламаларына ерекше орын беріледі.

- Оқу (педагогикалық) іс-әрекет. Осы бейіндегі бітірушілердің оқу (педагогикалық) қызметі жалпы білім беретін оқу орындарындағы, кәсіптік бастауыш, орта кәсіптік білім беретін оқу орындарындағы кәсіптік қызметтен (экономикалық пәндерді оқыту) тұрады.

г) Кәсіби қызметінің функциялары:

- әлемдік нарықтардың конъюнктурасы мен даму динамикасына мониторинг және талдау;
- кәсіпорынның сыртқы нарықтағы қызметін ұйымдастыру, жоспарлау және үйлестіру;
- сыртқы экономикалық операцияларға байланысты кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау;
- кәсіпорынның сыртқы экономикалық қызметінің стратегиясы мен тактикасын қалыптастыру;
- халықаралық маркетинг пен халықаралық менеджментті ұйымдастыру шараларын әзірлеу;
- жобалық, жобалау алдындағы құжаттаманың халықаралық стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан сараптама жүргізу бойынша жұмыстарды жүзеге асыру;
- әлемдік экономиканың даму тенденцияларын ескере отырып, ұлттық экономика салаларын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуге қатысу.

Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрлері	Оқу нәтижесінің коды	Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Soft skills)	ОН 1	Негізгі эпистемологиялық модельдерді, рационалдылық ұғымының өзгеру сипатын қорытады, әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми білімге және олардың өлшеміне заманауи көзқарастарды жіктейді, ғылыми-зерттеу қызметінің базалық міндеттерін тұжырымдайды және негіздейді.
	ОН 2	Кең көп бейінді білім беру негізінде дербес ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық қызметті жүргізу, әртүрлі зерттеу әдістерін және заманауи білім беру технологияларын қолдану тәсілдерін анықтайды.
	ОН 3	Басқару жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында басқару қызметінің психологиялық жағдайлары мен ерекшеліктерін бағалайды, ұжымды басқару мәселелерін шешуде психологиялық теорияларды қолданады.
	ОН 4	Жалпы және кәсіби деңгейде қарым-қатынас жасау үшін шет тілін білудің қажетті көлемін зерделейді және айқындайды, шет тілінде тұлғааралық, іскерлік, кәсіби қарым-қатынаста ой-пікір мен пікір білдіру дағдыларын қалыптастырады.
	ОН 5	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың негізгі тәсілдері мен әдістерін қалыптастырады және бағалайды, коммерцияландыру процестерін басқарудың функциялары мен міндеттерін жүйелендіреді.
	ОН 6	Цифрлық өнімдерді қолдана отырып экономикалық процестерді болжау саласындағы негізгі ұғымдарды, категорияларды, білімді тұжырымдайды және анықтайды, үлкен деректерді талдау және Data Mining саласындағы білімді көрсетеді
2. Сандық құзыреттер: (Digital skills):	ОН 7	Халықаралық макроэкономиканың қалыптасуы мен дамуына әсер ететін заңдылықтар мен факторларды анықтайды және жинақтайды, оның жекелеген салаларының жай-күйін бағалайды, халықаралық экономикалық байланыстардың ұлттық және әлемдік экономикаға әсер ету деңгейін анықтайды.
	ОН 8	Халықаралық бизнесті дамытудың заңдылықтары мен қазіргі тенденцияларын анықтайды, халықаралық бизнесті дамытуға әсер ететін факторларды жіктейді.
	ОН 9	Қазіргі заманғы жаһандық геэкономиканың қалыптасу және жұмыс істеу заңдылықтарын, ерекшеліктерін анықтайды, оның қазіргі заманғы проблемаларын, оларды шешу тетіктерін және одан әрі дамудың стратегиялық перспективаларын бағалайды

3. Кәсіби құзыреттер: (Hard skills)	ОН 10	Халықаралық қаржы қатынастарының мазмұнын және валюталық жүйелердің түрлерін, әлемдік қаржы нарықтарының жұмыс істеу заңдылықтарын, халықаралық инвестициялық қызметтің ерекшеліктері мен нысандарын ашады, оны реттеудің мақсаттарын, міндеттері мен құралдарын жинақтайды
	ОН 11	Тауарлардың, өндірушілердің, салалардың, елдердің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін және олардың жаһандық өндірістік-өткізу тізбектерінде орналасуын бағалайды
	ОН 12	Жаһандық экономикадағы ұлттық мемлекеттердің, арнайы экономикалық аймақтар мен оффшорлық аумақтардың қызмет бағыттарына бағдарланады
	ОН 13	Сапалық және сандық талдау негізінде жаһандық экономиканың цифрлық трансформациясының білім жүйесін қалыптастырады және оны оқытудың заманауи әдістерін қолдана отырып білім алушыларға береді
	ОН 14	Жаһандық нарық жағдайында экономикалық жүйелердің дамуы мен экономикалық өсудің теңсіздігінің себептерін анықтауға баса назар аудара отырып, жаһандық экономиканың жұмыс істеу заңдылықтарын айқындайды және бағалайды, халықаралық контексте адам ресурстарын басқарудың өзекті мәселелерінің генезисін талдайды

Қосымша 3

Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пән атауы	Көлемі (ECTS)
ОН 1, ОН 2	Әлеуметтік-гуманитарлық білімнің философия-тарихи аспектілері	Ғылым тарихы мен философиясы (ағылшын тілінде)	4
ОН 2, ОН 13		Жоғары мектептің педагогикасы (ағылшын тілінде)	4
ОН 1, ОН 2, ОН 3		Басқару психологиясы (ағылшын тілінде)	4
ОН 4	Шетел тілі (кәсіби)	Шет тілі (кәсіби)	4
ОН 1, ОН 4		Әлемдік экономикадағы бизнес- ағылшын (ағылшын тілінде)	5
ОН 4, ОН 5		Әлемдік экономикадағы арнайы мақсаттар үшін шет тілі (ағылшын тілінде)	
ОН5, ОН 7, ОН 8	Ғылыми және ғылыми-білім беру жобаларын әкімшіліктендіру және коммерцияландыру	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру (ағылшын тілінде)	5
ОН 5, ОН 8, ОН 11		Әлемдік экономикадағы жоғары технологиялық кәсіпкерлік және технологиялар трансферті (ағылшын тілінде)	
ОН 6,ОН 8, ОН 9		Экономикалық болжау (ағылшын тілінде)	5
ОН 6,ОН 9,ОН 11		Data Mining және үлкен деректерді талдау (ағылшын тілінде)	
ОН 7,ОН 12,ОН 14	Халықаралық экономика теориясы және әлемдік экономикадағы тенденциялар	Халықаралық макроэкономика (ағылшын тілінде)	5
ОН 8,ОН 11,ОН 12		Халықаралық бизнес (ағылшын тілінде)	5
ОН 7,ОН 9,ОН 14		Геоэкономика (ағылшын тілінде)	4
ОН 7,ОН 10,ОН 12	Халықаралық бәсекеге қабілеттілік және әлемдік қаржы нарықтары	Әлемдік қаржы нарықтары (ағылшын тілінде)	5
ОН 5,ОН 8,ОН 10		Халықаралық инвестициялық қызмет (ағылшын тілінде)	
ОН 8,ОН 11		Халықаралық бәсекеге қабілеттілік (ағылшын тілінде)	5
ОН 9,ОН 11,ОН 12		Жаһандық жеткізу тізбегін талдау және бәсекеге қабілеттілік (ағылшын тілінде)	
ОН 9,ОН 11, ОН 12	Әлемдік экономиканың өзекті мәселелері	Жаһандану және ұлттық мемлекет (ағылшын тілінде)	5
ОН 9, ОН 12		Әлемдік экономикадағы арнайы экономикалық аймақтар мен оффшорлық аумақтар (ағылшын тілінде)	
ОН 5,ОН 6,ОН 13		Әлемдік экономикадағы цифрлық трансформация (ағылшын тілінде)	5
ОН 2,ОН 13		Экономикалық пәндерді оқыту әдістемесі (ағылшын тілінде)	
ОН 7, ОН 9,ОН 14		Әлемдік экономикадағы теңсіздік (ағылшын тілінде)	5
ОН 13, ОН 14		Адам ресурстарын халықаралық басқару (ағылшын тілінде)	
		Ғылыми-зерттеу жұмысы	Зерттеу практикасы
	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамадан өту және магистрлік диссертацияны орындау		24
	Қорытынды аттестаттау	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	8

Негізгі пәндер циклі																
Таңдау бойынша компонент																
D5	Әлемдік экономикадағы бизнес- ағылшын (ағылшын тілінде)	Білім алушылар үшін бизнес-ағылшын тілін қолданудың нақты кәсіби саласын анықтау. Нақты терминологияны, тұрақты бизнес өрнектерін зерттеу. Іскерлік хат алмасу, кәсіби деңгейде хаттар, есептер, түйіндемелер және басқа да құжаттар жасау қабілетін қалыптастыру. Курс барысында алынған білім мен дағдыларды одан әрі практикалық қолдану мақсатында іскерлік-ағылшын қарым-қатынасы саласындағы білімді тереңдету.	5	+				+								
	Әлемдік экономикадағы арнайы мақсаттар үшін шет тілі (ағылшын тілінде)	Шет тілінің жалпы ғылыми және кәсіби деңгейін меңгеру (С 2). Қарым-қатынас пен сөйлеу тақырыбының арнайы кәсіби саласы аясында кәсіби маңызды дағдыларды қалыптастыру. Ағылшын тілінде кәсіби терминдерді қолдану. Терминологиялық комбинацияларды аударудың негізгі әдістері, мамандық бойынша әдебиет терминдерін аударудың ерекшеліктері, тілдегі қысқартулардың түрлері, халықаралық сөздер.	5					+	+							
D6	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру (ағылшын тілінде)	Пән инновацияларды коммерцияландыру мәселелерін практикалық шешу дағдыларын қалыптастыруға, инновациялық бизнесті ұйымдастыру саласындағы құзыреттерді жетілдіруге және алынған нәтижелерді өндіріске енгізуге бағытталған, бұл пән ғылыми жетістіктерді коммерцияландырудың құқықтық негіздерін зерделеуді; өнертабыстар мен инновацияларды коммерцияландыру технологияларын меңгеруді; бизнес-жоспар мен коммерцияландыру жобасының конкурстық құжаттамасын әзірлеуді қамтиды.	5						+		+	+				
	Әлемдік экономикадағы жоғары технологиялық кәсіпкерлік және технологиялар трансферті (ағылшын тілінде)	Пән магистранттарды трансұлттық технологиялық корпорациялардың кейстері мысалында жоғары технологиялық кәсіпкерлікті және технологиялар трансферін талдау дағдыларын игеруге бағыттайды. Курс магистранттарға құндылықтарды құрудың әлемдік жаһандық тізбегін, сондай-ақ технологияларды беру тәсілдерін ескере отырып, әлемдік нарықта hi-tech кәсіпкерлігін құру қағидаттарын түсінуге мүмкіндік береді.	5						+			+			+	
D7	Экономикалық болжау (ағылшын тілінде)	Курс магистранттардың жаһандық экономикадағы экономикалық процестерді болжау және модельдеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Курс уақыт қатарларын талдау әдістерін зерделеуді және деректерді болжау дағдыларын оқытуды, сондай-ақ	5							+		+	+			

		курс уақыт қатарларының стационарлығы мен тұрақсыздығын ескере отырып регрессиялық талдауды, ARIMA модельдерін тестілеуді қамтиды																
	Data Mining және үлкен деректерді талдау (ағылшын тілінде)	Курс студенттердің үлкен деректер жиынтығын талдау және үлгілерді анықтау дағдыларын игеруге бағытталған. Курс аяқталғаннан кейін студенттер: деректерді жинауға, жіктеуге, жеңілдетуге, қалыпқа келтіруге және өңдеуге дайындауға, үлкен деректер жиынтығымен жұмыс істеуге және оларды талдауға, техникалық және техникалық емес аудиторияға талдау нәтижелерін визуалды түрде ұсынуға мүмкіндік алады.	5						+			+		+				
Бейіндік пәндер циклі ЖОО компоненті																		
D8	Халықаралық макроэкономика (ағылшын тілінде)	Курс елдің экономикалық қызметінің жиынтық нәтижелерін және ұлттық экономиканы нарықтық және мемлекеттік реттеудің теориялық құралдарын, көптеген елдерге тән макроэкономикалық проблемаларды түзетуге бағытталған даму бағдарламасын құру принциптерін көрсететін ұлттық экономикалық деңгейде қазіргі экономикалық теория бойынша білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған.	5							+					+		+	
D9	Халықаралық бизнес (ағылшын тілінде)	Курс магистранттардың болашақта халықаралық бизнесті дамыту болжамдарын анықтау мақсатында жаһандық экономика жағдайында бизнесті жүргізудің өткен және қазіргі тәжірибесінің үрдістерін талдау тұрғысынан әлемдік бизнестің мәнмәтінін түсіну дағдысын қалыптастыруға бағытталған.	5								+			+	+			
D10	Геоэкономика (ағылшын тілінде)	Пән магистранттарда халықаралық қатынастардың ерекше нысаны ретінде геоэкономика туралы теориялық білімді қалыптастыруға, геоэкономиканың қалыптасуы мен даму кезеңдерін талдауға, геоэкономика құрылымына талдау жүргізу дағдысын қалыптастыруға, геоэкономика жүйесіндегі мемлекеттің орны мен рөлін зерделеуге бағдарланады.	4							+		+					+	
Бейіндік пәндер циклі																		

Таңдау бойынша компонент																
D11	Әлемдік қаржы нарықтары (ағылшын тілінде)	Пән магистранттарды әлемдік қаржы нарығының құрылымы мен даму үрдістері мәселелері бойынша теориялық білімді, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыруға, тұтастай қаржы нарығында және оның негізгі сегменттерінде болып жатқан экономикалық процестердің мәніне, бағалы қағаздар нарығының жұмыс істеу тетіктерін қалыптастыруға бағыттайды.	5								+			+		+
	Халықаралық инвестициялық қызмет (ағылшын тілінде)	Курс магистранттардың инвестициялық қызметті ұйымдастырудың негізгі заңдылықтарын, құрылымы мен принциптерін, оның негізгі элементтерін, сондай-ақ оларды кейіннен практикада қолдану үшін халықаралық инвестициялық қызметті түсіну қабілетін дамытуға арналған.						+				+		+		
D12	Халықаралық бәсекеге қабілеттілік (ағылшын тілінде)	Пән тауарлардың халықаралық бәсекеге қабілеттілігін, ұлттық өндірушілердің халықаралық еңбек бөлінісіндегі елдердің мамандануы тұрғысынан салалық және елдік бәсекеге қабілеттілік факторы ретінде бәсекеге қабілетті тауар өндіруге қабілеттілігін бағалау әдістерін игеруге бағытталған.	5									+			+	
	Жаһандық жеткізу тізбегін талдау және бәсекеге қабілеттілік (ағылшын тілінде)	Пән әлемдік, ұлттық, аймақтық, салалық және корпоративтік деңгейде құрылымдық экономикалық қайта құрулар мен бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізі ретінде жаһандық құн тізбегінің құрылымын және оларды үйлестірудің ұйымдастырушылық-басқарушылық аспектілерін зерттейді.	5										+		+	+
D13	Жаһандану және ұлттық мемлекет (ағылшын тілінде)	Пәннің мақсаты-қазіргі заманғы әлемдік даму, жаһандану процестері туралы жан-жақты түсінік алу, жалпы әлемнің, жекелеген аймақтар мен мемлекеттердің даму бағытын анықтау, әлемдік экономика мен халықаралық қатынастардағы мемлекеттер мен мемлекеттік емес реттеушілердің рөлін зерттеу.	5										+			+
	Әлемдік экономикадағы арнайы экономикалық аймақтар мен	Пән магистранттарда арнайы экономикалық және оффшорлық аймақтардың экономикалық табиғатын зерттеудің теориялық және әдіснамалық тәсілдері, оларды мемлекеттік реттеудің принциптері мен әдістері, кедендік және салықтық салық салу	5										+		+	+

Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)

ОН	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ОН 1	Негізгі эпистемологиялық модельдерді, рационалдылық ұғымының өзгеру сипатын қорытады, әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми білімге және олардың өлшеміне заманауи көзқарастарды жіктейді, ғылыми-зерттеу қызметінің базалық міндеттерін тұжырымдайды және негіздейді.	интерактивті лекция	тест
ОН 2	Кең көп бейінді білім беру негізінде дербес ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық қызметті жүргізу, әртүрлі зерттеу әдістерін және заманауи білім беру технологияларын қолдану тәсілдерін анықтайды.	кейс-әдістер	коллоквиум
ОН 3	Басқару жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында басқару қызметінің психологиялық жағдайлары мен ерекшеліктерін бағалайды, ұжымды басқару мәселелерін шешуде психологиялық теорияларды қолданады.	жобалық оқыту	презентациялар
ОН 4	Жалпы және кәсіби деңгейде қарым-қатынас жасау үшін шет тілін білудің қажетті көлемін зерделейді және айқындайды, шет тілінде тұлғааралық, іскерлік, кәсіби қарым-қатынаста ой-пікір мен пікір білдіру дағдыларын қалыптастырады.	пікірталас	жобаны дайындау
ОН 5	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландырудың негізгі тәсілдері мен әдістерін қалыптастырады және бағалайды, коммерцияландыру пОНцестерін басқарудың функциялары мен міндеттерін жүйелендіреді.	алмастырылған класс (Flipped Class)	эссе жазу
ОН 6	Цифрлық өнімдерді қолдана отырып экономикалық пОНцестерді болжау саласындағы негізгі ұғымдарды, категорияларды, білімді тұжырымдайды және анықтайды, үлкен деректерді талдау және Data Mining саласындағы білімді көрсетеді	дөңгелек үстел	портфолио
ОН 7	Халықаралық макОНэкономиканың қалыптасуы мен дамуына әсер ететін заңдылықтар мен факторларды анықтайды және жинақтайды, оның жекелеген салаларының жай-күйін бағалайды, Халықаралық экономикалық байланыстардың ұлттық және әлемдік экономикаға әсер ету деңгейін анықтайды.	кейс-әдістер	коллоквиум
ОН 8	Халықаралық бизнесті дамытудың заңдылықтары мен қазіргі тенденцияларын анықтайды, халықаралық бизнесті дамытуға әсер ететін факторларды жіктейді.	мастер-класстар	портфолио

ОН 9	Қазіргі заманғы жаһандық геоэкономиканың қалыптасу және жұмыс істеу заңдылықтарын, ерекшеліктерін анықтайды, оның қазіргі заманғы пОНблемаларын, оларды шешу тетіктерін және одан әрі дамудың стратегиялық перспективаларын бағалайды	кейс-әдістер	тест,
ОН 10	Халықаралық қаржы қатынастарының мазмұнын және валюталық жүйелердің түрлерін, әлемдік қаржы нарықтарының жұмыс істеу заңдылықтарын, халықаралық инвестициялық қызметтің ерекшеліктері мен нысандарын ашады, оны реттеудің мақсаттарын, міндеттері мен құралдарын жинақтайды	жобалық оқыту	жобаны дайындау
ОН 11	Тауарлардың, өндірушілердің, салалардың, елдердің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін және олардың жаһандық өндірістік-өткізу тізбектерінде орналасуын бағалайды	жобаны дайындау	портфолио
ОН 12	Жаһандық экономикадағы ұлттық мемлекеттердің, арнайы экономикалық аймақтар мен оффшорлық аумақтардың қызмет бағыттарына бағдарланады	мастер-класстар	тест
ОН 13	Сапалық және сандық талдау негізінде жаһандық экономиканың цифрлық трансформациясының білім жүйесін қалыптастырады және оны оқытудың заманауи әдістерін қолдана отырып білім алушыларға береді	пікірталас	презентациялар
ОН 14	Жаһандық нарық жағдайында экономикалық жүйелердің дамуы мен экономикалық өсудің теңсіздігінің себептерін анықтауға баса назар аудара отырып, жаһандық экономиканың жұмыс істеу заңдылықтарын айқындайды және бағалайды, халықаралық контексте адам ресурстарын басқарудың өзекті мәселелерінің генезисін талдайды	интерактивті дәріс	жобаны дайындау

Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерийлер
ОН1	<p>Біледі: негізгі эпистемологиялық модельдер, ұтымдылық ұғымының өзгеру сипаты; ғылыми, ғылыми және ғылыми емес танымның нысандары мен әдістері, әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми білімге және олардың өлшемділігіне қазіргі заманғы тәсілдер</p> <p>Істей алады: ғылыми-зерттеу қызметі барысында туындайтын және тереңдетілген кәсіби білімді талап ететін міндеттерді тұжырымдау және шешу; зерттеудің қажетті әдістерін таңдау, нақты зерттеу міндеттеріне сүйене отырып, қазіргі бар әдістерді түрлендіру және жаңа әдістерді әзірлеу; социогуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми білім әдіснамасы негізінде қазіргі заманғы теория мен практиканың болмысын талдау және ұғыну</p> <p>Меңгерген: көп салалы білім беруді талап ететін дербес ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық қызметті жүргізу дағдылары; ғылыми зерттеу, педагогикалық және тәрбие жұмыстарын жүргізуде әдіснамалық және әдістемелік білімді қолдана білу; ғылыми мақалалар, тезистер жазу, конференцияларда, симпозиумдарда, дөңгелек үстелдерде, пікірталастар мен пікірталастарда сөз сөйлеу дағдылары</p>
ОН 2	<p>Біледі: жоғары білім мазмұнының негізгі ережелері, жоғары мектептегі заманауи дидактикалық тұжырымдамалар; ЖОО-да педагогикалық үдерісті жобалау және ұйымдастыру ерекшеліктері, заманауи білім беру технологиялары; педагогикалық шеберлік және педагогикалық техника негіздері, білім берудегі менеджмент, білім алушылардың тұлғасын қалыптастыру және дамыту үдерісін басқару</p> <p>Істей алады: педагогикалық процесте туындайтын және тереңдетілген педагогикалық білімді талап ететін міндеттерді тұжырымдау және шешу; жоғары мектепте оқытудың қазіргі заманғы теориясы мен практикасының шынайылығын талдау және түсіну; болашақ кәсіби қызметтің бейінін ескере отырып, магистранттарды диагностикалау және кеңес беру</p> <p>Меңгерген: көп салалы білім беруді талап ететін өзіндік ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық қызметті жүргізу дағдылары; ғылыми зерттеу, оқу және тәрбие жұмыстарын жүргізуде әдіснамалық және әдістемелік білімді қолдана білу</p>
ОН 3	<p>Біледі: басқару қызметі саласындағы практикалық психолог қызметінің негізгі ережелері мен ерекшеліктері; ұйымның тиімділігін арттыру тәсілдері мен тәсілдері</p> <p>Істей алады: басқару қызметінде туындайтын міндеттерді тұжырымдау және шешу, ұйымдастырушылық салада әлеуетті мүмкіндіктерді ұйымдастырудың теориясы мен практикасы саласындағы білімді қолдану</p> <p>Меңгерген: жанжалдаушы тараптардың қатысушыларымен жұмыс істеу, ұйымдастыру жүйесі, оларға басқару саласында психологиялық көмек көрсету дағдылары; басқару психологиясы саласындағы міндеттерді шешу үшін коммуникациялық дағдылар</p>
ОН 4	<p>Біледі: шетелдік көздерден кәсіби ақпарат алу және жалпы және кәсіби деңгейде қарапайым қарым-қатынас жасау</p>

	<p>үшін қажетті көлемдегі шет тілі; кәсіби бағыттағы шет тіліндегі мәтіндерді қарым-қатынас жасау, оқу және аудару (сөздікпен) үшін қажетті көлемдегі шет тілінің жалпы, іскерлік және кәсіби лексикасы; әдеби және ауызекі тілдің негізгі грамматикалық құрылымдары</p> <p>Істей алады: тұлғааралық қарым-қатынаста және кәсіби қызметте шет тілін қолдану; әңгіме барысында өз ойларын еркін және барабар білдіру және сұхбаттасушының шет тіліндегі сөзін түсіну; шет тілінде жазбаша қарым-қатынас жүргізу, іскерлік хаттар құрастыру; зияткерлік даму, мәдени деңгейін, кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін таным әдістері мен құралдарын қолдану</p> <p>Меңгерген: шет тілінде тұлғааралық, іскерлік және кәсіби қарым-қатынаста өз ойлары мен пікірлерін білдіру дағдылары; шет тілінде сөйлеу әрекетінің (оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау) әртүрлі дағдылары</p>
ОН 5	<p>Біледі: нарықтық институттар мен ғылымды, білім беруді, жоғары технологияларды, нанотехнологияларды дамытуды қоғамдық реттеу мен ынталандыру тетіктерінің арақатынастар жүйесі; ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру процестерін басқарудың функциялары мен міндеттері</p> <p>Істей алады: ғылыми нәтижелерді зияткерлік өнімге айналдырудың проблемалық нүктелерін анықтау мақсатында ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулерді коммерцияландыру процесін тұжырымдау</p> <p>Меңгерген: ғылыми және ғылыми - техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мәселелерін шешу үшін ұйымдастырушылық-техникалық және экономикалық іс-шаралар кешенін іске асыру дағдылары</p>
ОН 6	<p>Біледі: әлемдік экономикадағы инновацияның мәнін ашатын негізгі ұғымдар, категориялар, инновациялар теориясының даму ерекшеліктері, инновациялық процестердің даму заңдылықтары, Инновациялық процестерді халықаралық, ұлттық, аймақтық және ішкі басқарудың теориясы мен практикасы, ұйымдардың жаңасын енгізуге сезімталдық мәселелері.</p> <p>Істей алады: инновациялық процестерді басқару мәселелерін бөліп көрсету, оң нәтижелер алу және нарыққа шығу арқылы инновациялық жобаларды әзірлеу</p> <p>Меңгерген: инновациялық жобаларды іріктеу және бағалау әдістемелерін пайдалану дағдылары, сондай-ақ инновациялық дамуды бағалау әдістері</p>
ОН7	<p>Біледі: әлемдік экономика мен халықаралық экономикалық қатынастар қалыптасатын және дамитын заңдылықтар мен факторлар</p> <p>Істей алады: тиісті басқарушылық шешімдер қабылдау және олардың тиімділігін бағалау үшін халықаралық экономикалық қатынастардың жекелеген салаларының жай-күйі туралы ақпаратты пайдалану</p> <p>Меңгерген: халықаралық экономикалық байланыстардың ұлттық және әлемдік экономикаға әсер ету нәтижелерін сандық және сапалық бағалау дағдылары</p>
ОН 8	<p>Біледі: жекелеген елдерде, өңірлерде және тұтастай алғанда әлемдік шаруашылықта экономика дамуының қазіргі заманғы үрдістері</p> <p>Істей алады: халықаралық статистика көрсеткіштері тұрғысынан әлемдік экономиканың даму деңгейін талдау</p> <p>Меңгерген: әлемдік экономиканың ұлттық экономиканың жұмыс істеуіне және дамуының негізгі бағыттарына</p>

	әсерін бағалау дағдылары
ОН 9	Біледі: әлем және Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық кешенінің жай-күйі, даму үрдістері және аумақтық ұйымдастыру ерекшеліктері
	Істей алады: Қазақстан мен әлем елдері экономикасының негізгі даму үрдістерін анықтау және талдау
	Меңгерген: шаруашылық қызметтің маңызды салаларын және елдер мен өңірлердің халқын дамыту мен орналастыруға жекелеген факторлардың әсер ету дәрежесін бағалау дағдылары
ОН 10	Біледі: халықаралық қаржы қатынастарының эволюциясы және валюта жүйелерінің түрлері, әлемдік қаржы нарықтарының жұмыс істеу заңдылықтары, халықаралық инвестициялық қызметтің ерекшеліктері мен нысандары; әлемдік қаржы нарықтарындағы операцияларды реттеудің мақсаттары, міндеттері және құралдары
	Істей алады: әлемдік қаржы нарығы мен халықаралық инвестициялау құралдарын, сыртқы экономикалық мәмілелер мен халықаралық кредиттердің валюта-қаржы және төлем шарттарын талдау
	Меңгерген: халықаралық валюталық-кредиттік қатынастарды дамыту шарттарын айқындау, валюталық операцияларды талдау, валюталық тәуекелдерді және халықаралық қаржылық-кредиттік операцияларды басқару дағдылары, сондай-ақ ұйымның жоспарлы-есептік жұмысын жүзеге асыру, инвестициялық портфельді басқару дағдылары
ОН 11	Біледі: халықаралық бәсекелестік саласындағы базалық ұғымдар; бәсекелестік ортаға әсер ететін бәсекеге қабілеттілік пен күш көздері, сыртқы экономикалық қызметті жоспарлау әдістері, оның ішінде белгісіздік пен тәуекелді ескере отырып
	Істей алады: нақты елдің ұлттық бәсекелес ромбын құрастыру және оның күшті және әлсіз жақтарын бөліп көрсету; елдің бәсекелестік басымдығының моделін бағалау және оның бәсекелестік сатысын айқындау; сыртқы экономикалық қызметте тәуекелдерді басқарудың қазіргі заманғы әдістерін пайдалану; тәуекелдерді талдау нәтижелерін қорытындылау және сыни бағалау.
	Меңгерген: елдердің бәсекелестік артықшылығының негізгі детерминанттарын зерттеу және фирманың әлемдік нарықта бәсекелестік стратегиясын қалыптастыру; белгісіздік және тәуекел жағдайында шешімдер қабылдау, олардың жоба үшін салдарын болжау дағдылары
ОН 12	Біледі: ТҰК және оффшорлық аймақтардың жаһандық экономикадағы рөлі және олардың халықаралық экономикалық қатынастардың бүкіл жүйесіне әсері, ТҰК және оффшорлық аймақтар тиімділігінің критерийлері, сондай-ақ олардың өсу стратегиялары; ТҰК және оффшорлық аймақтардың мемлекетпен өзара қарым-қатынас тетіктері
	Істей алады: трансұлттық корпорациялар мен оффшорлық аймақтардың экономикасын талдау, бағалау және диагностикалау құралдарын пайдалану, олардың артықшылықтарын талдау және қызмет нәтижелерін салыстыру
	Меңгерген: негізгі экономикалық көрсеткіштерді және экономиканы трансұлттандыру индекстерін есептеу, сондай-ақ трансұлттық корпорациялар мен оффшорлық аймақтардың экономикасын талдау, бағалау және диагностикалау дағдылары

ОН 13	Біледі: ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қоғам қызметінің практикалық салаларына экономикалық жүйе тұрғысынан және тиісінше қазіргі заманғы экономикалық ортаның жаңа ерекшеліктері (немесе қағидалары) тұрғысынан енгізудің теориялық негіздері
	Істей алады: цифрлық экономиканың күрделі процестері мен құбылыстарын түсіндіру, цифрлық трансформация процестерінің қозғаушы күштерін тану
	Меңгерген: ұлттық және әлемдік экономиканы дамытудың басты проблемаларын талдау, оларды шешу жолдары мен тетіктерін негіздеу, мемлекеттік экономикалық саясат шараларын әзірлеу дағдылары
ОН 14	Біледі: халықаралық экономика мен халықаралық сауда саясатындағы проблемалардың алғышарттары, мәні; интеграциялық бірлестіктердің нысандары; негізгі интеграциялық топтардың сипаттамасы; негізгі халықаралық ұйымдар, олардың қызмет аясы
	Істей алады: Қазақстанның халықаралық және интеграциялық процестерге, сондай-ақ халықаралық экономикалық ұйымдар жүйесіне қатысуының тиімділігін талдау
	Меңгерген: қазіргі заманғы жаһандану және интеграциялық процестердің даму деңгейін олардың ағымының көп өлшемділігін және ұлттықтан жоғары реттеу институттарын ескере отырып бағалау дағдылары

Түлектің атрибуттары

Экономика және бизнес саласындағы жоғары кәсібилік

Эмоционалды интеллект

Бейімділігі ғаламдық қауіп-қатерлерге қарсы

Көшбасшылық

Кәсіпкерлік ойлау

Жаһандық азаматтық

Академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңызын түсіну

Түлек моделі





Құзыреттілік түрлері	Құзыреттіліктер сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	<p>Абстрактілі ойлау, талдау, синтездеу қабілеті. Өзінің зияткерлік және жалпы мәдени деңгейін жетілдіру және дамыту қабілеті.</p> <p>Стандартты емес жағдайларда әрекет етуге, қабылданған шешімдер үшін әлеуметтік және этикалық жауапкершілікке дайын болу.</p> <p>Практикалық қызметте жаңа білім мен дағдыларды, оның ішінде қызмет саласына тікелей қатысы жоқ жаңа білім салаларын өз бетінше алу және пайдалану мүмкіндігі.</p> <p>Зерттеудің жаңа әдістерін өз бетінше игеру, өзінің кәсіби қызметінің ғылыми және ғылыми-өндірістік бейінін өзгерту қабілеті.</p>
2. Сандық құзыреттіліктер (Digital skills)	<p>Жасыл экономика шеңберінде ғылыми және инновациялық жобаларды әзірлеу және оларды қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиімді коммерцияландыру қабілеті.</p> <p>Ұлттық және әлемдік экономиканың жасыл дамуының саяси, құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және экологиялық алғышарттарын негіздеуге және оның қағидаттары мен әдістерін практикада қолдануға қабілетті.</p>
3. Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	<p>Табиғи және антропогендік түрлендірілген экожүйелерді биотестациялаудың заманауи әдістерімен қоршаған ортаның жай-күйіне биологиялық мониторинг жүргізуге қабілетті. Экономикадағы шаруашылық және тіршілікті қамтамасыз ететін процестердің ресурс тиімділігі, экологиялық салдарлары деңгейін талдайды, циркулярлық экономиканы енгізуден жеке фирманың экономикалық пайдасын бағалайды. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін табиғи ортаның жай-күйін, дағдарыстық экологиялық жағдайлардың негізгі факторларын және техногендік жүктеме деңгейін талдайды және бағалайды, экологиялық тәуекелдерді басқару, техногендік әсерді және оқыс оқиғалар мен авариялардың туындау тәуекелдерін жоспарлы түрде барынша азайту бойынша жедел және сауатты шешімдер қабылдауға қабілетті. Экология және жасыл энергетика саласындағы алдыңғы қатарлы жетістіктер мен дамудың өзекті үрдістерін жинақтауға, орнықты даму мақсаттары шеңберінде Таза және тиімді энергия бойынша әзірлемелерді</p>

талдауға және қолдануға, қоршаған ортаға әсерді бағалаудың нормалары мен стандарттарын әзірлеуге қабілетті. Урбандалған кеңістіктердің қоршаған ортасының жай-күйіне талдау және бағалау жүргізуге қабілетті. Табиғат қорғау қызметінің қазіргі заманғы бағыттары мен даму үрдістерін талдайды, Қалдықтарды кәдеге жаратудың қазіргі заманғы әдістерін қолдануға, қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық тәуекелдерді болжауға қабілетті, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлейді. Жасыл инвестицияларды және жауапты қаржыландыруды сәйкестендіруге және экотехнологияларды экономикалық бағалауды жүргізуге қабілетті. Экологиялық саясатты қалыптастыру және ресурстарды үнемдеу бойынша техникалық және мотивациялық шараларды негіздеуге, тұрақты даму контекстінде экологиялық мәселелерді шешу және басқару тәсілдерін талдауға қабілетті. Экологиялық кәсіпорынды дамыту жоспарын әзірлеу үшін стратегиялық талдауды жүзеге асыруға, дизайнның экофильді принциптеріне негізделген бизнес-модельдің инновациялық әлеуетін негіздеуге қабілетті.

Құрастырушылар:

Жұмыс тобының мүшелері:

Экономика және халықаралық бизнес кафедрасының меңгерушісі, PhD, қауымдаст. пОНфессор
э.ғ.к., қауым.профессор
э.ғ.к., қауым.профессор
магистрант

 Ж.М.Жартай
 А.Т.Абдикаримова
 М.К.Асанова
 Ж.С.Аширбекова

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесі отырысында қарастырылған және бекітілген 15.03.2023 ж. Хаттама № 8

Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық кеңесінің отырысында қарастырылған және бекітілген 28.04.23 ж. Хаттама № 5

Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылған және бекітілген 30.05.23 ж. Хаттама № 12

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер бойынша проректор



Т.З.Жүсіпбек

Академиялық жұмыс департаменті директорының м.а.



С.А.Смаилова

Экономика факультетінің деканы



Ж.С.Хусаинова

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУЫ ЖОСПАРЫ

7M04102 – ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКА

Жоспардың мақсаты – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

Мақсатты индикаторлар:

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2022-2023 (факті бойынша)	2023-2024 (жоспар)	2024-2025 (жоспар)	2025-2026 (жоспар)
1	Кадрлық потенциалды дамыту					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны	19	+1	+1	+1
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	15	+1	+1	+1
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту	Адам саны	7	+1	+1	+1
2	Рейтингтердегі БББ жылжыту					
2.1	НАОКО	Позициясы	2	2	1	1
2.2	НААР	Позициясы	2	2	1	1
2.3	Атамекен	Позициясы	-	-	-	-
3.	Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу					
3.1	Оқулықтар	Саны	-	1	1	2
3.2	Оқу құралдары	Саны	2	3	4	5
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны	1	1	2	2
3.4	Электронды оқулық	Саны	2	3	4	5
3.5	Видео/аудиодәріс	Саны	1	1	2	2
4.	Оқу және зертханалық базаны дамыту					
4.1	Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	Саны	1	2	2	2
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны	2	2	3	3
5.	БББ мазмұнын өзектендіру					
5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жанарту	Жыл			+	
5.2	БББ-на шет тілдеріндегі оқу пәндерін енгізу*	Жыл		+		
5.3	Оқытудың жаңа әдістерін енгізу	Жыл			+	

Экономика және халықаралық бизнес кафедрасының меңгерушісі



Ж.М. Жартай